

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі
талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама**

Шымкент қаласы

07.06.2024 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№3 қалалық аурухана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын қызметінде (әрі қарай – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 10 мамыр мен 05 маусым аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жылғы 01 қаңтар мен 30 сәуір аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы, Кәсіпорын бас дәрігерінің 2024 жылғы 18 сәуір №57 -н/қ бұйрығымен бекітілген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

- Кәсіпорынның бюджеттік және қаржылық ресурстарды әзірлеу және бөлудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Кәсіпорынның жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Кәсіпорынның жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің ақпарат көздері:

- кәсіпорынға қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- кәсіпорынға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- прокурорлық қадағалау актілері;
- сот актілері;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды.

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

1) объективтілік;

- 2) сенімділік;
- 3) айқындық;
- 4) жан-жақтылық қағидаттарында жүргізілді.

1. Бюджеттік және қаржылық ресурстарды әзірлеу және бөлудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі №360-VI Кодексін, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 жылғы №1193 қаулысын, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңын, «Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаттарын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығын, сондай ақ Кәсіпорынның Байқау кеңесінің шешімімен бекітілген «Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу және ынталандыру ережелері», Кәсіпорын Жарғысын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Талдау барысында Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін жоғарыда көрсетілген құжаттарды зерделеу барысында сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Кәсіпорынның қаржылық ресурстарды әзірлеуі және бөлуі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы талаптары негізінде жүзеге асырылған.

Кәсіпорынның 2023 жылдың кредиторлық берешектері толығымен жабылған. 2024 жылдың 01 қаңтарынан 30 сәуірге дейінгі кредиторлық Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі - ӘМСҚ) тарапынан 2024 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз және сәуір айларының актілері жабылып, төлем жүргізілген соң кредиторлық берешектер жабылады.

МӘСҚ-мен 2024 жылға түзілген келісім шарт бойынша 2024 жылға қаралған қаражаттан жылдың 01 қаңтарынан 30 сәуірге дейінгі уақытқа түскен аванстың төлемдерінің сомасы 37,6% құраған.

Оның ішінде 01.01.2024-30.04.2024 жыл аралығындағы шығындар:

Жалақы қоры салықтармен	-	66,4 %
Азық түлік шығындары	-	3,3 %
Дәрі-дәрмек және мед құрал- жабдықтар	-	17,3 %
Басқада тауарларды сатып алу	-	0,4 %
Коммуналдық қызметтер	-	3,0 %
Байланыс қызметі	-	0,2 %
Басқада қызметтер	-	9,4 %
Басқада шығындар (161,169)	-	0,07 % құраған.

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының 27.11.2023 жылғы №310 бұйрығымен аурухананың жалпы төсек-орындарының саны 25 төсек орынға артып жалпы 235 төсек-орынға жеткен.

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының 28.12.2023 жылғы №357 бұйрығымен аурухананың перзентхана бөлімшесі перинаталдық көмектің 2 деңгейіне ауысқан. Перинаталдық көмектің екінші деңгейге өтуіне байланысты аурухананың перзентхана бөлімшесінде 4 төсек орын жаңа туған нәрестелерге арналған реанимация және 4 төсек орын әйелдерге арналған реанимация, 10 төсек орын жаңа туған және салмағы төмен нәрестелердің патология бөлімшесі ашылған. Аурухананың жалпы штат саны 40,5 бірлікке артқан.

2024 жылы аурухананың 1 айлық жалақы қоры 2023 жылмен салыстырғанда – 32% артқан. Көрсетілген мерзім бойынша ауруханаға ӘМСҚ тарапынан 2024 жылға қаралған қаражаттың 80% аурухана қызметкерлерінің жалақы қорына жұмсалған.

2023-2024 жылдарға тәулік бойы стационар қызметі бойынша талдау:

ӘМСҚ-мен 2024 жылға түзілген келісім шарт бойынша 2024 жылдың қаңтар-сәуір айларына тәулік бойы стационар қызметіне қаралған қаражат ағымдағы жылдың 4 ай қорытындысы бойынша жоспардан 27,4 % артық қаражат игерген. Атап айтқанда балаларға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек бойынша – 24 % болса, ересек тұрғындарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек бойынша – 13,6 % игерілген.

Балаларға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек қызметі бойынша 2024 жылға жалпы қаралған қаражаттан емделген балалардың ішінде 1 жасқа дейінгі балалардың үлесі 45%-дан артық болуына байланысты сызықтық шкала қолданылмай, жоспардан артық игерілген қаражат толығымен төленген.

Ағымдағы жылдың 4 ай қорытындысы бойынша игерілген қаражат 40 % құраған.

Жоғарыда көрсетілген деректерді негізге ала отырып және аурухананың экономикалық жағдайын ескеріп, жоспардан артық орындалған қаражаттарды төлеуге және 2024 жылға қосымша қаражат қарастыруға ықпал ету мақсатында аурухана тарапынан «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес АҚ Шымкент қаласы бойынша филиалының басшысының атына 2024 жылғы 18 наурызда шығыс №01-12/154 хаты жолданған.

Ұсынымдар:

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңның талаптарын сақтап, Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Заң талаптарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- 2) Бөлім басшылары мен меңгерушілерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау бойынша шаралар қабылдау.

2. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

Кәсіпорында жеке және заңды тұлғалармен жасасқан шарттар Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың саудалық атауына шекті бағаларды бекіту туралы жүйесінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ – 77 бұйрығының, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптары негізінде жүзеге асырылған.

2024 жылдың 01 қаңтарынан 30 сәуір аралығында мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес, Кәсіпорында мемлекеттік сатып алу бойынша жеке және заңды тұлғалармен 68 келісім шарт жасасқан. Оның ішінде:

орындалғаны – 2 шарт;

орындалу барысындағы – 63 шарт;

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрғандықтан түзілмегені – 3 шарт;

Оның ішінде:

ашық тәсілімен өткізілген конкурс бойынша -1 шарт;

баға ұсыныстарын сұрау бойынша -25 шарт;

қосымша келісім бойынша – 5 шарт;

сәтсіз сатып алулар үшін бір көзден – 3 шарт;

электронды магазин бойынша – 14 шарт;

негіздік келісімді қолдану арқылы конкурстың екінші кезеңі бойынша -20 шарт;

Мамандар бөлімі бойынша жеке тұлғалармен жалпы – 367 шарт жасасқан болса, оның ішінде -33 шарт 2024 жылғы 30 сәуірге дейін жасалған.

Басқа Кәсіпорындармен жасасқан келісім шарттар саны – 12;

Оның ішінде қағаз жүзінде – 12 шарт;

Қаржылық-экономикалық есептілік бойынша барлығы – 9 шарт жасасқан.

Оның ішінде қосымша келісім бойынша – 4 шарт;

Ұсынымдар:

- 1) Мемлекеттік сатып алу және түзілетін келісім шарттар бойынша Кәсіпорынның жауапты қызметкеріне оқу жұмыстарын жүргізу.
- 2) Қағаз жүзінде жасалған келісім- шарттарды арнайы журналға тіркеп, шарт нөмірін беріп жүргізу.

3. Жеке және заңды тұлғалардың өтінішін қарау:

2024 жылдың 01 қаңтары мен 30 сәуір аралығында Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша заңды тұлғалардан өтініш түспеген. Жеке тұлғалар бойынша жалпы 4 өтініш түскен. МӘМС және iKomek 109 ақпараттық жүйелері бойынша талданған кезеңде 4 өтініш 3- негізсіз деп

танылып, 1- өтініш берушінің өтініші негізінде кері қайтарылған. Қазіргі таңда кез келген өтініш уақытында қабылданып, зерделеніп, мазмұнына қатысты жауап тиісті мамандармен қаралып жауап беріледі.

Талданған кезеңде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау процесін бұзу фактілері орын алған жоқ. Сонымен қатар, Кәсіпорын сенім телефонына жеке және заңды тұлғалардан өтініштер, арыз шағымдар түспеген.

Талдау нәтижелері бойынша бұқаралық ақпараттық құралдарында Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты теріс жарияланымдар анықталған жоқ.

Қорытынды:

2024 жылдың 01 қаңтары мен 30 сәуір аралығында жүргізілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша Кәсіпорында Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ұсынымдар:

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын күшейту мақсатында ұсынады:


- 1) Тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу және Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жылына бір рет ішкі талдау жүргізу.
- 2) Іс-шаралар жоспарларына сәйкес Кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін түсіндіру бойынша жалпы оқытуды тұрақты негізде өткізу.
- 3) Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының, Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының қолданыстағы талаптары туралы білімін тексеру бойынша шаралар қабылдау ұсынылады.

Ішкі талдау жүргізу тобының жетекшісі




Е.К.Каратаев

Ішкі талдау жүргізу тобының мүшелері



Б.Р.Хакимжанов



М.Ж.Есполов